

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



МҰРАТ АЖ- ҚАЗАЛЫ

№19
(2294)
Жұма
21 наурыз
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты ағайын!
Қадірлі жерлестер!
Тіршілік атаулыға
жан бітіп, Жер-Ана
жаңаратын, күн мен түн
теңеліп, Самарқанның
көк тасы еритін елеулі
шақта тұрмыз. Сіздерді
осы бір мерейлі сәтпен
тұспа-тұс келетін
Ұлыстың ұлы күні – На-
урыз мерекесімен шын
жүректен құттықтаймын!

Әз-Наурыз – жаңару
мен жаңғырудың, бе-
реке мен бірліктің ба-
стауы. Тарихи тамыры
тереңге бойлаған әз-
Наурыз данахалқымызда
ерекше сән-салтанатпен
аталып өтеді.

Бес мыңжылдық та-
рихы бар әз-Наурыз
қай кезде де еңсесі
биік елдіктің, болаттай
берік бірліктің, ырыс пен
ынтымақтың бастауы
болып саналған. Бұл күні
қыстан аман шықтық
деп қуанған жұрт ағайын
арасында болған өкпе-
ренішті ұмытып, бір
дастарқан басында та-
бысып, бір-біріне ізгі
тілектерін білдіреді.
Халқымыз бұл кезеңді
береке-бірлік, ырыс-құт
мезгілі санаса, мерекені
кешірім мен мейірімнің,
үміт пен сенімнің, ізгілік
пен өзара түсіністіктің
мезеті деп бағалаған.

Құрметті ағайын!

Ұлтымыздың мерейін
өсіріп, бар болмы-
сымызды айшықтай
түсетін Ұлыстың ұлы
күні – Наурыз мейрамы
елімізге, әрбір отбасы-
на ауызбіршілік пен
қуаныш, құт-береке,
бақыт пен молшылық
әкелсін!

Әр шаңыраққа Қыдыр
қонып, бақ дарысын!

Ұлыс оң болсын, ақ
мол болсын!

Ізгі ниетпен,
Қазалы
ауданының әкімі
Мейрамбек
Шермағанбет

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҚАЗАЛЫ ЖҰРТШЫЛЫҒЫН НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Бүгін облыс әкімі Нұрлыбек
Нәлібаев Қазалы ауданы-
на жұмыс сапарымен барып,
Ұлыстың ұлы күніне арналған
мерекелік іс-шараға қатысты.

Әйтеке би кентінің Орталық
алаңында өткен шараға Пар-
ламент Сенаты мен Мәжілісінің
депутаттары: Руслан Рүстемов,
Мұрат Әбенев, Мархабат Жай-
ымбетов, Мұрат Ергешбаев және
зиялы қауым өкілдері мен ел
ағалары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған
қауымды Наурыз мерекесімен
құттықтап, өңірдің элеуметтік-
экономикалық дамуындағы
жетістіктерге тоқталды.

«Баршаңызды жер-жаһанға
шуақ нұрын шашып келген,

жақсылықтың жаршысы, игі
істердің бастауы Ұлыстың
ұлы күнімен шын жүректен
құттықтаймын!

Наурыз мерекесі Сыр жеріне
толайым жаңалықтарымен келді!
Биыл елімізде, өңірімізде ме-
рейтойлар жылы десе де болады.

Қазақтың бас ақыны Абай
Құнанбайұлының туғанына 180
жыл, Қызылорданың Қазақ
елінің астанасы болғанына 100
жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы,
Байқоңыр ғарыш айлағының
ашылғанына 70 жыл, Қазақстан
халқы Ассамблеясының 30
жылдығы кең көлемде аталып
өтеді.

Жақында ғана Бурабайда өткен
Ұлттық құрылтайда Мемлекет

басшымыз Қасым-Жомарт
Кемелұлы құрылтайдың
келесі 5-ші отырысын Сыр
бойында, кезінде Қазақ елінің
астанасы болған Қызылорда
қаласында өткізуді ұсынды.

Алқалы жиынды Сыр
елінде өткізу туралы
қабылданған тарихи шешім
аймақ жұртшылығының
мерейін асқақтатты.

Президентіміздің,
Үкіметтің ерекше
қолдауымен Сыр өңірінде
байыпты бастамалар қолға
алынып, жасампаз жобалар
жүзеге асуда. Өткен жылы
облысымыздың бюджетін
750 млрд теңгеден асырдық.

Осыдан екі жарым жыл
бұрын аймақ бюджеті 364
млрд теңге болса, атқарылған
ауқымды жұмыстың нәтижесінде
өсімді 206 пайызға жеткіздік. Бұл
ауқымды қаражат өңірдегі ең
өзекті деген мәселелерді шешу-
ге, тұрғындардың өмір сүру са-
пасын жақсартуға және ауқымды
инфрақұрылымдық жобаларды
іске асыруға бағытталды.

Бытыр Қазалы ауданы үшін
де табысты жыл болды. Аудан
бюджеті артып, тұрғындарды
ауыз сумен, электр энергия-
сымен, "көгілдір отынмен",
тұрғын үймен қамтамасыз
ету, жол жөндеу және абаттан-
дыру мәселелері рет-ретімен
шешілуде. Баршаңызды тіршілік
жаңарып, табиғат түлеген
мерекесімен құттықтаймын!
Ұлыс оң, ақ мол болсын!», -
деді Н.Нәлібаев.

Наурыз мейрамына
арналған көпшілік іс-шарада
аудан дамуына үлес қосқан
белсенді азаматтар облыс
әкімінің Алғыс хатымен мара-
патталды.

Сонымен қатар Парла-
мент Мәжілісінің депута-
ты Мархабат Жайымбетов
жұртшылықты құттықтады.

Ұлыстың Ұлы күнінде сәлем
салу, тұсаукесер, ашамайға
мінгізу және беташар
дәстүрлері дәріптеліп, ұлттық
ойындар ұйымдастырылды.
Ұлттық тағамдар әзірленіп,
тал егілді.

Қызылорда облысы
әкімінің баспасөз қызметі



НАУРЫЗЫМ ҚҰТ БОЛЫП КЕЛ, БАҚ БОЛЫП КЕЛ,

ЖАНҚОЖА БАТЫР АУЛЫНДА 300 ОРЫНДЫҚ ЖАЙЛЫ МЕКТЕП АШЫЛДЫ



Бүгін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы ауданының Жанқожа батыр аулында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған 300 орындық жаңа мектептің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары: Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын Наурыз мейрамымен және жайлы мектептің ашылуымен құттықтады.

«Жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды.

Алқалы жиынды Сыр елінде өткізу туралы қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты.

Біз қоғамда ұстаз беделін, ұрпақ білімін арттыруға әркез мүдделіміз. Тұрақты қолдаудың арқасында өңіріміздің білім саласы толағай табысқа жетті. Сәулеті мен келбеті келіскен жаңа мектептер бой көтерді.

Биыл білім саласының бюджеті 308 млрд 134 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 16,9 пайызға артты. Өткен жылы аймағымызда 6 мектеп бой көтеріп, 5 мектепке қосымша ғимарат салынып ел игілігіне табысталды.

Нәтижесінде Арал ауданы Тоқабай аулындағы №248, Шиелі кентіндегі №252 және Жансейіт аулындағы №133 апатты мектептердің мәселесі шешілді.

Жаңа мектептердің ашылуы – бұл жәй ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 6 900 орынға арналған 10

мектептің құрылысы басталып, оның алғашқы 900 оқушыға арналған мектебін облыс орталығынан өткен жылы қазан айында табыстадық. Жыл басында Жаңақорған ауданында 300 және 600 орындық екі, Арал қаласында 300 орындық және Қызылорда қаласында 600 орындық жайлы мектептерді пайдалануға бердік. Жыл көлемінде тағы 4 жайлы мектептің құрылысын аяқтаймыз.

Бүгін, міне, Қазалы ауданына қарасты Жанқожа батыр аулында «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының үйлестіруімен жүзеге асқан, құны 2,6 млрд. теңге болатын 300 орындық жайлы мектепті табыстауға жиналды. Жаңа нысанды салу арқылы апатты жағдайда деп танылған №94 орта мектептің мәселесін толығымен шештік.

Енді жасампаз істердің жаршысы болар балаларымыз қолайлы әрі қауіпсіз, заманауи жабдықталған, кең әрі жайлы мектепте білім алады. Бұның барлығы жас ұрпақтың игілігі үшін жасалуда. Ел іргесі биік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», - деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты шарада тынымсыз еңбегімен ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, заманауи мектептің құрылысын салуға үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенев жиналған қауымды құттықтап, Қызылорда облысының құрметті азаматы Самұрат Иман-досов ақ батасын берді.

Биыл «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен Арал ауданының Жалаңаш аулынан 150 орындық мектеп салынады. Былтыр 3 млрд 100 млн теңгеге 8 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді.

Мемлекет басшысының 1 300 мектепті жаңғырту тапсырмасына сәйкес алдағы 3 жыл ішінде облыстағы 51 мектеп, оның ішінде, биыл 9 мектеп күрделі жөндеуден өтеді.

АҚТАН БАТЫР АУЫЛЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы ауданының Ақтан батыр ауылын табиғи газға қосу рәсімі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары: Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Облыс әкімі тұрғындарды Наурыз мейрамымен, көптен күткен қуаныш – ауылға "көгілдір отын" келуімен құттықтады.

«Ұлыстың Ұлы күні Сыр жеріне толайым жаңалықтар жетті!

Жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиынды Сыр елінде өткізу туралы қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты. Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті.

Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің Сыр өңіріндегі атқарылып жатқан жұмыстарға берген оң бағасы.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен қолға алынған, іске асқан байыпты бастамаларымыз бен жасампаз жобаларымыздың игілігін халық көруде.

Өткен жылы облыс бюджеті 750 млрд теңгеден асып, екі жарым жыл бұрынғы көрсеткіштің өсімін 206 пайызға жеткіздік. Президентіміздің қолдауымен бүгінде Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтамасыз етілуде. Алдағы жылы беру маусымында көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су толық қосылады.

Газдандыру жобаларына 30 млрд теңгеден астам қаржы бағытталды, 330 шақырым газ желілері салынды. Халықты газбен жабдықтау көрсеткіші 78 пайызға өссе, жыл соңына дейін 82 пайызға жеткіземіз.

Ал, бүгін өздеріңізбен бірге Ақтан батыр ауылын табиғи газға қосамыз. Елдің дамуы ауылдан, ауылдың гүлденуінен басталады. Ауылдарыңызға келген "көгілдір отын" халықтың тұрмыс сапасын артты-

рып, ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз. Бүгінгі мереке барша отбасына бақыт пен шаттық әкелсін!», - деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан алдыңғы буын ағалар мен бірқатар азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаев құттықтауын жеткізді.

Биыл облыс аумағындағы барлық елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз етіледі. Тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында 11 млрд теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда.

Өткен жылы аймағымыздың жол құрылысын дамытуға 44 млрд 703 млн теңге бөлініп, 300 шақырымнан астам жол жөндеуден өтті. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайызға жетті. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді. Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда.

Облыс аумағындағы 216 шақырымның 151 шақырымы аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Қосымша 30 шақырымына екі қабатты асфальт жабындысы төселді. Жоба биыл толық аяқталады.

Көлік-логистика саласында да жетістіктер көп. Мемлекет басшысының қолдауымен "Қорқыт Ата әуежайының" жаңа терминалы ашылды. Жобаны іске асыруға Президентіміздің тікелей тапсырмасына сәйкес "Болат Өтемұратов қоры" 16 млрд 600 млн теңге инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік компаниясы және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі автовокзал пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен аймақ қарқынды құрылыс алаңына айналды. Облыста 126 млрд, 809 млн теңгеге 180 жобаның құрылысы жүруде.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ШАТТЫҚ ПЕН ҚУАНЫШТЫ, МОЛ ШАШЫП КЕЛ!

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ-НАУРЫЗ

Кенес өкіметі кезінде жан-жақтан тұйықталған шеңбердің ішінде тірлік етуге үйренген партия жасап берген «Сара жолмен» жүруге дағдыланған қоғамда өмір сүрсекте, балаларын ұлттық таным-нанымда, ұлттық болмыста тәрбиелеуде ата-әжемiздiң сiңiрген еңбегi зор дер едiм. Ол кiсiлер сауатсыз болса да отбасында ата-баба салтын, әдет ғұрпын, үрдістерін ешкімге жалтақтамай – ақ табиғи түрде іске асыра білетін.

Наурыз ұлыстың ұлы күні. Бала кезімізден біздің шаңырақта наурыз мерекесі – жыл басы ретінде ерекше аталатын.

Астрономиялық есеп бойынша көкек айының 21-нен 22-ші жұлдызына қараған түні аспан денелері өзінің алғашқы айналу нүктесіне қайта айналып келеді екен. Сонда күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін жаратылыстың керемет сәтінде ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі кіреді.

Халқымыздың таным-наным болжамы бойынша күн мен түн тепе-теңдікке жеткен кезде әуеде ғажайып бір діріл мен гуіл естіледі. Сол үнді «Әз» дейді. Әз өткенде бүкіл жан-жануар, күллі өсімдік дүниесінде, жалпы тіршілік әлемінің бойына қан жүгіріп, қайта

түлеп жанарады, ескінің ауырлығы кетеді.

Әздің жүргені әдетте байқала бермейді, оның өткенін қой малы ғана алдымен сезеді екен. Қой аспанға қарап жамырай маңырап, тұрып қалатын көрінеді. Соны көрген малшылар «жаз хабары келді» деп қуанады. «Әз болмай, мәз болмайды» немесе «Әз болмай жаз болмайды» дейтін нақыл сөз содан шыққан.

Наурыз мерекесін жыл басы салтанатын дүние жүзінің бірқатар елдері: Үндістан, Иран, Ауғанстан, Кавказ, Орта Азия халықтары өздерінің төл мерекесі ретінде тойлайды. Әрбір халықтың өзіне тән таным-наным, салт-дәстүрі болғандықтан наурызды қарсы алып тойлаудың өз үлгілері, өз қағидалары қалыптасқан.

Сол сияқты қазақ халқының да басқаға ұқсамайтын салты, жарасымды жөн-жоралғысы бар. Қазақ секілді көшпенді жұрттың наурызды кастерлеп-қасиеттеп ерекше мерекелеуінің үлкен мәні болған. Тіршілік тынысы көбінесе мал шаруашылығымен тікелей байланысты болғандықтан, қыс бойы тар қыстауда қысылып, сай-сайдың сағасын, таудың ығын паналап, малын жұтатпай, жыртқыш аң-құстан аман сау алып шығудың өзі

қаншама күш-қайратты, төзімділікті қажет етеді. Наурыз келгенде қыс құрсауы босап, жер арқасы жібіп, жаңа тіршілік басталып, табиғат ана түлей бастайды. Жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік әлеміне жан кіреді. Одан әрі қарай мал төлдеп, елдің аузы аққа тиіп, уызға жариды, жыл құстары келіп, тынысы кеңиді, көңіл сергиді, тірі жан иесі күн шуағынан күш алады.

Қазақ елінің ардақтап асыға күтетін жыл мерекесі, шаруа тойы, табиғат мейрамы осы-Наурыз. Бұл күнге әрбір отбасы қыстан бастап дайындық жасайды. Қысқы соғымнан шеке, жамбас, жілік, қазы дегендей қадірлі мүшелерінен әдейі арнап сүре сақтайды. «Наурызда ашамын» деп әжелер қорындағы майың, жент, құрт, ірімшік тағамдарды алдын ала үнемдеп, қамданып жүреді. Аналарымыз мұндай дәмдерді ұзынсарының сыбағасы деп те атаған. «Ұзынсары келетін шак» деп қазақтар көктемнің көкөзек кезін айтса керек.

Қысқы соғым таусылып, мал әлі төлдемей, айран, сүт, уызға жарымайтын малдың арық уағы. Адамның да өңі өзгеріп, қуылданып, көзі қарғып, жылы жазды сарыла күтетін кезең.

Сондықтан аналарымыз наурызға деп жоғарыдағы

тағамдарды көзден таса жерлерге мұхияттап тығып жүруші еді. Наурызға дайындықтың тағы бір түрі-көлөнермен байланысты. Қолы шебер, іскер апалардың жөн көрсетуімен қыз-келіншектер ою ойып, кесте тігіп, құрақ құрап, түскиіз, сырмақ, аяққап, төсек жапқыш секілді үй бұйымдарын жасаумен айналысқан. От басына кем дегенде осындай бірер зат қосуға тырысқан. Қыздар әкесіне, аға-інілеріне такия тігіп, жігіттеріне беторамал кестелеп Наурыз күні тарту етуге дайындайды. Ұл балаларда қарап қалмайды. Ағаштан ожау, қасық, тостаған, саптыаяқ секілді өзінің қолынан келгенін жасап, үйге қажет дүниенің толығына септігін тигізеді.

Қыз-келіншектер Наурыз күні өз қолынан шыққан сәнді бұйымдарын үй ішіне жинап, іліп қояды. Ауылдағы жасы үлкен әжелеріміз бен апаларымыз Наурыз мерекесімен құттықтап, төс қағыстырып, үй жиһаздарын көріп, «пәләншенің түскиізі көз тартарлық көрікті тігіліпті», «түгеншенің жүк жапқышы айшықты өрнегі қанық шығыпты» деген секілді мақтауды бағыштап басқаларға үлгі еткен.

Іс тігушілер өнерінің жұрт алдында бағаларын білгендіктен әрқайсысы басқаға ұқсамайтын өз

өрнегін табуға күш салады. Соның нәтижесінде жастардың ісмерлігі, шеберлігі шындалып, халық өнері түрленіп дами түскен екен.

Наурыз жақындап қалған кезден үйдің айналасын күл-қоқыстан тазартып, текемет – сырмақ, алаша – кілемдердің шаң-тозаңын қағып, кірлі нәрсе қалдырмай, әсіресе орамал, дастарханды жуып отбасын мерекеге дайындайды.

Ерлер жағы шаштарын алып, сақал-мұрттарын басып дегендей, аналар болса балаларын жуындырып, тырнақ-шаштарын алғызып, бұрым-кекіл, айдарын сәндеп, қарапайым болса да, балаға бір жаңа киім кигізеді.

Өздері де кимешек, орамал-шаршыларын ағартып, әйтеуір бір әдемі абыр-сабыр қуанышты қарбалас тіршілікке кірісіп кетеді.

Жаңа жылды – Қасиетті Наурыз күнін тазалықпен, ақ ниет шынайы пейілмен қарсы алса, жыл бойы жақсылық, молшылық болады дейді. Биыл келген жылан жылы елімізге ауызбіршілік, ауданымыздағы ардагер ұстаздарымызға зор денсаулық, мұқалмас қайрат, отбастарына құт-береке дарып, ұл – қыздарымыздың рахаты мен қызығын көруге жазсын, – дегім келеді.

**Жеткербай
МАХАМБЕТ**

КӨКТЕМ – ЖАҢАРУ МЕЗГІЛІ

Көктем жаңару мезгілі. Көктем шыға жер бусанып, қар еріп, адамзат бір керемет сезімге бөленеді. Қытымыр қыс пен қар құрсауынан аман-есен шыққан ел наурыз келе салысымен бір-бірлерінің амандығын біліп, амандық – саулық сұрасады.

Наурыз – тарихы терең, тағылымы мол мереке. Ескіден келе жатқан мейрам. Шежіресі сонау ежелгі Грек, ежелгі Римге дейін жалғасқан. Мұның сыры – Наурыз жыл басы болуында. Бүгінде жыл санағы бойынша өзгеше атап өтіліп келеді. Наурыз мерекесінің өзге мерекелерге ұқсамайтын әні мен сәні бар. Бұл мереке кісілік пен кішіліктің көрініс табатын күні.

Қазақстанда 1926-1991 жылдары наурызды тойлауға тыйым салынған болатын. Кейін тәуелсіз ел болғалы мемлекеттік мәртебеге ие болған мереке. Наурыз қазіргі таңда елдің бірлігі мен татулығына жұмыс істеп

келе жатыр. Наурыз бүкіл ұлт пен ұлыстардың мерекесі.

Тарихқа сүйенсек, Орта Азия елдері Наурыз мерекесін 5000 жылдан астам уақыт бойы тойлап келеді. Бұл мерекеде күн мен түн теңеліп, әлем жаңарады. Бізде «Наурыз» деп аталатын мереке әлем елдерінде басқаша атауға ие болған.

Қазіргі таңда Наурыз мерекесі 14 наурыз яғни, «көрісу» салтымен бастау алып, тойланып жүр. Ел Президентінің бастамасымен өткен жылдан бастап наурыз нағам онкүндігі аталып, 14 наурыз бен 23 наурыз аралығы мереке күндері деп бекітілді және әр күнге атау берілді.

14 наурыз-Көрісу күні. Яғни, қыстан аман-есен шыққан жұрт бір-бірімен көрісіп, амандық сұрасады.

15 наурыз-Қайырымдылық күні. Бұл күні әрбір адам өз жомарттығын танытып, қайырымдылық, қамқорлық жасайды. Асылында қайырымдылық тек қаржылай

көмекпен өлшенбейді.

16 наурыз- Шаңырақ күні. Әр отбасының татулығы мен ауызбіршілігінің мықты әрі берік болуы.

17 наурыз- Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Халқымыздың мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін жаңғыртатын мереке.

18 наурыз – Ұлттық киім күні. Ұлттық киімдерді ұмыт қалдырмай, қазақтың қолөнерінің аса жоғары дәрежеде екенін насихаттау. Сондай-ақ, ежелден келе жатқан нәзік жандылардың қазақы оюмен нақышталған әшекей-бұйымдарын ұмыт қалдырмау.

19 наурыз – Жаңару күні. Әлемнің, табиғаттың, барша адамзаттың жаңару күні.

20 наурыз – Ұлттық спорт күні. Спортта бұл мерекемен тығыз байланысты. Себебі, наурыз қарсаңында алдыбақан тебіліп, қыз қуу, аударыспақ, теңге ілу, ақ сүйек сынды

ұлттық ойындар ойналады.

21 наурыз – Ынтымақ күні. Елдің ауызбіршілігін айқындайтын мереке. Ұлт пен ұлыстың татулығын нығайту.

22 наурыз – Жыл басы. Бұл күні Ұлыстың ұлы күні Әз Наурыз мерекесі тойланып, күн мен түн теңеліп, 7 түрлі дәмнен тұратын мейрамның басты тағамы «Наурыз» көже әзірленеді.

23 наурыз – Тазару күні. «Тазалық табалдырықтан басталады», – дегендей бүкіл ел болып, қыстан шыққан қоқыстарды тазалап, әрбір адамды табиғатты аялауға шақыратын күн. Осымен наурызнама онкүндігі тәмам.

Наурыз – жылдың жаңаруы. Әрбір шаңыраққа бақыт пен береке алып келетін мейрам. Көктем мерекесі барша шаңыраққа бақ-береке, ырыс – несібесімен келгей. Әз, Наурыз мерекесі құтты болсын!

**Ұлпан Жәдігерқызы,
«Тұран-Қазалы»**

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП: КЕҢ ТАРАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ БІРІ – АЛАЯҚТЫҚ

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (әрі қарай - ҚК) 190-бабында алаяқтықтың түсінігі берілген.

Алаяқтық - бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену. Қарапайым сөзбен айтқанда алаяқтық - алдау және сенімге қиянат жасау жолымен бөтен мүлікті ұрлау болып табылады.

Аталған бап 4 бөліктен тұрады, соған байланысты алаяқтық үшін жаза түрлері де күшейтілген.

Егерде кінәлі адам жай алаяқтық жасаған болса, яғни ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасаса ол 2 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Алаяқтықтың адамдар тобында алдын ала сөз байласуымен, адам өз қызмет бабын пайдалана отырып, ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен, мемлекеттік сатып алу саласында жасалған алаяқтық үшін аталған баптың 2-бөлігіне сәйкес 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Өз кезегінде алаяқтықтың ауыр түрлері осы баптың 3 және 4 бөліктерінде көрсетілген.

Егер алаяқтық ірі мөлшерде, яғни 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аса жасалса, алаяқтықты мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаса, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса, екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалса немесе

алаяқтық бірнеше рет жасалған жағдайда аталған баптың 3-бөлігінде 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Қылмыстық топ жасаған немесе аса ірі мөлшерде, яғни айлық есептік көрсеткіштің 4000 есе мөлшерінен асатын алаяқтық жасалса, ол үшін сол баптың 4-бөлігінде 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Сонымен қатар барлық жағдайда да қосымша жаза ретінде кінәлінің мүлкін тәркілеу жазасы қолданылады.

Бүгінгі таңда ең кең таралып жатқан алаяқтықтың өте қауіптісі – ол интернет арқылы жасалатын алаяқтық. Ғаламтордағы әккілер әсіресе әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып отыр.

Алаяқтардың арбауына түсіп қалып жатқан адамдар аз емес және оның торына кез келген адам түсіп қалуы мүмкін.

Әдетте алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарландырулар орналастырады немесе жалған аккаунттар ашып, сайт жасап алады.

Ең жиі кездесіп жүрген интернет алаяқтықтың түрлері, ол: интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар болып отыр.

Интернеттің мүмкіндігін қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады.

Компьютер, смартфон, планшеті бар кез келген адамның кез келген уақытта

ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айнала алатынын ескерту керек.

Сондай алданып қалған адамдардың арыздарының көбін тексерген уақытта тергеу органдарына қылмыскерлерді анықтау қиынға соғып жатады, өйткені олар тек біздің елде емес, басқа елдерден шыққан алаяқтар екендігі анықталып жатады.

Ақпараттық жүйені пайдаланып, алдау, арбау арқылы ақшалы болудың ең көп таралған жері – сауда-саттық маңы. Әсіресе сұранысқа ие Instagram, Facebook, WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы мұндай қылмыстар жиі жасалып жатады.

Instagram, Facebook желілерінен кімнің ақ, кімнің арам екенін ажырату өте қиын. Киімдер, автобөлшектер, күнделікті тұрмыс заттарын сатып, талайдың ақшасын қалтасына басқан қылмыскерлер тұтынушылардың сеніміне қалай кіру керектігін ғана емес, онлайн-сауданың қыр-сырын да мықты меңгеріп алады.

Одан басқа, азаматтардың құжаттарының көшірмелерін пайдаланған интернет алаяқтар құрбандарының атынан онлайн-несие рәсімдеп, жәбірленушілер қарызға батып, ешқандай дәлелдеме ұсына алмаған соң несиені өздері төлеп шыққан фактілер де аз емес.

Тергеу барысында несиені рәсімделген құжаттарды иелерінің бір кездері жоғалтып алғаны не телефон арқылы «Мен адвокатпын, сізге несиені мәселеріңіз болса шешіп беруге көмек етемін» деген бір ауыз сөзге сеніп, сөздерін растайтын ешқандай құжаттарын тексерместен, ол адамды көзімен көрмесе де, онымен келісім-

шарт жасамаса да жеке куәлігін WhatsApp желісі арқылы жіберіп, артынан қапыда қалғандар бар.

Банктің қызметкері ретінде өзін таныстырып, азаматтың шотында сақтаулы тұрған еңбек ақысын не депозитте тұрған қаражатын алдап алу мақсатында телефон арқылы әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде құрбандарына шоттың, кодтың сандарын айтқызып, ақшаны өзіне аударып алатын алаяқтарда жиі кездесетін болды.

Одан басқа, кейбір интернет бағдарламаларды смартфон не компьютерге құйып алған жағдайда олардың қаншалықты қауіпсіз екендігін білген жөн. Кейбіреулері, мысалы арнайы бағдарламалар арқылы, алаяқтар кез келген адамның банктік шоттарына оңай кіріп, әртүрлі операциялар жасау арқылы азаматтардың шоттарындағы қаражаттарын шешіп алып жататыны анықталып жатыр.

Интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары: дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауға, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға, кез келген сілтеме бойынша өтпеуге, спам хабарламаларға сенбеу. Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғап жүре алады.

Ғанибек САҒАТОВ,
Қазалы ауданы
прокурорының
орынбасары,
кіші әділет кеңесшісі

ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Теміржол аумағы қауіпті. Бұл аймақта жүргенде жаяу жүргінші де, көлік жүргізушісі де жолда жүру ережесін есте сақтап, абай болуы керек. Әрбір жолаушы қауіпті аймаққа кірерде жол белгілеріне, бағдаршам көрсеткіштеріне, шлагбаумның орналасуына және өтпелі жол (переезд) кезекшісінің нұсқауына аса мән бере отырып, жақындап қалған пойыздың жоқ екендігіне

кез жеткізуге міндетті.

Мына жағдайларда өтпелерден өтуге тиым салынады:

- шлагбаум жабық тұрғанда және жабыла бастағанда;
- бағдаршамның тиым салу сигналы жанып тұрғанда;
- өтпелерден тыс жерлерден өтуге;
- шлагбаумды өздігінен ашуға.

Теміржол аумағында аталған қарапайым ережелерді

сақтамау өмірімізге үлкен қауіп төндіруі мүмкін. Осы мәселеге орай, Қазалы теміржол стансасы басшылығы мен Қазалы теміржол колледжінің мамандарының ұйымдастыруымен студенттерге арналған «Теміржол жанындағы қауіпсіздік» тақырыбында ашық сабақтар жүргізілді. Сабақ барысында төтенше жағдайларға тап болмау, адамдардың өмірі мен денсаулығының

қауіпсіздігін сақтау, сонымен қатар теміржол аймағында белгіленбеген жерден өтуге, қауіпті аймақтың жанында ұялы телефонға алаңдауға, құлаққап пайдалануға, вагондар тұрған аймаққа жақындауға қатаң тиым салынатындығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Р. МАХАШОВ,
Қазалы теміржол
стансасы бастығының
орынбасары

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.